

№ 9 дәріс	9-дәріс тақырыбы: Химиялық білім берудің мақсаты мен мазмұны. Химия пәніне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты. МЖБС қызметтері. <i>Жоспары:</i> 9.1. Химиялық білім берудің мақсаты мен мазмұны. 9.2. Оқыту процесінің екіжақты сипаты, оқу процесінің жүйелілігі мен кешендігі, оның маңызы. 9.3. Химияны оқытуда оқушылардың логикалық ойлау мүмкіндігін дамыту. 9.4. Химияны оқыту процесінде оқушыларда затты зерттеуге бағытталған танымдық қызығушылығын қалыптастыру. 9.5. Химия пәніне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты. МЖБС қызметтері. <i>Тезистері:</i> 9.1. Химиялық білім берудің жалпы білім беретін мектеп пен арнаулы орта оқу орнындағы мақсаты. Химиялық білім беру мақсаттарын түзудің (болжаудың) факторлары мен механизмдері. Химия пәніне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты. МЖБС қызметтері. Химиялық білім беру мазмұнының әдістемелік тұжырымдамаларын талдау. Химиялық білім беру мазмұнын модельдеу мен іріктеу проблемасы. Химиялық білім берудің бүгінгі мектептегі мазмұны. Химиялық білім беру мазмұнының құрылымы мен компоненттері. Мазмұн компоненттерін сипаттау мен олардың өзара байланыстарын белгілеу. Химиялық білім берудің жалпы білім беретін мектеп пен арнаулы орта оқу орнындағы мазмұнын іріктеу принциптері мен механизмдері. Білім беру вариативтілігі жағдайында мектеп химиясына арналып, әртүрлі авторлық ұжымдар әзірлеген оқу бағдарламалары. Оқу бағдарламасының қызметтері. Әртүрлі оқу бағдарламалары негізінде әзірленетін әртүрлі нұсқадағы оқу әдебиеттері (оқулық, ОӘК), олардың биологияны оқыту процесін технологияландыруға қолайлығы. 9.2. Оқыту процесінің екіжақты сипаты, оқу процесінің жүйелілігі мен кешендігі, оның маңызы. «Оқыту процесі» ұғымының мәні. Қазіргі кезде оқыту процесіне берілетін анықтамалар. Оқыту процесінің екіжақтылығы, оның маңызы мен оны іске асыру жағдайлары. Оқыту процесі барысында меңгерілетін білім-білікпен қатар оқушылардың бойында қалыптасатын тұлғалық сапалар. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің түрлері, олардың ғылыми зерттеулерден ерекшеліктері мен ұқсастықтары. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған жұмыс түрлері: эксперимент, зертханалық жұмыстар, топсеруен т.б. Танымдық іс-әрекетті қоғаушы күштер (ішкі және сыртқы), оларды оқу-тәрбие беру процесін белсендіруде, оңтайлы ұйымдастыруда пайдалану жолдары. Оқыту процесінің мақсаттылығы, біртұтастығы, кешендігі. Педагогикалық өндірістің нәтижелілігі: сандық көрсеткіштердің сапалы көрсеткіштерге ауысуының маңызы, оның көріністері. 9.3. Химияны оқытуда оқушылардың логикалық ойлау мүмкіндігін дамыту.
----------------------	---

Химиялық білім берудің, оқу ақпаратының интеллектуалдық талаптарға сай болуы. Білім берудің дамыту қызметінің логикалық операциялармен байланысы. Логикалық операциялар (талдау, салыстыру, жүйелеу, бақылау, қорытынды шығару) арқылы оқыту нәтижесін тексеруге үйрену. Білім берудің білім мен дағдылардың жай ғана қосындысы болмай, оқушылардың интеллектуалдық дамуына бағытталуы. Оқушылардың логикалық ойлау әлеуетін дамыту, бұған іс жүзінде септігін тигізетін оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері. Зертханалық жұмыс арқылы нақтылы сезімдік-кейіптік ұғым сияқты ойлау операцияларын қалыптастырып дамыту, бұл себеп-салдар байланысын ұстаздың көру қабілеттілігі, оны пайдалана білуі. Оқушылардың меңгерілген білім негізінде болжам жасауы, оларда жеке көзқарастың қалыптасуы, оны дәлелді түрде, әділ қорғай білуге үйрету. Оқушыларды индуктивті және дедуктивті логикалық амалдарды танымдық іс-әрекетте қолдануға үйрету. Оқушылардың логикасын дамытудағы дәстүрлі және дәстүрлі емес (ішінара технологиялық, блокты-технологиялық) сабақтардың рөлі. Проблемалық оқыту технологиясы, оны кеңінен пайдалана отырып сабақтарды ұйымдастырудың артықшылықтары. Оқушылардың логикасы мен олардың жалпы тұлғалық жетілуі.

9.4. Химияны оқыту процесінде оқушыларда затты зерттеуге бағытталған танымдық қызығушылығын қалыптастыру.

Химияны оқып білудегі зерттеу затына байланысты құбылыстарға қызығудың маңызы. Оқу материалының, оны мұғалімнің оқушыға түсіндіру тәсілдерінің жалықпайтындай болуы; затты, оның құпияларын, керемет көріністерін зерттеуге деген ынтаны ояту, болашақ энтузиаст зат зерттеушісін тәрбиелеу, мұндай қызметтің қажеттілігі мен болашағының бар екеніне көз жеткізу. Сабақты белсенді, заманауи тұрғыда өткізе отырып, әдістемедегі, дидактикадағы жетістіктерді толыққанды пайдалану: технологиялық тұрғыда ұйымдастырылған сабақтың берері, «сауатты» мультимедия, интерактивті тақтаның «мазмұндылығы», оны мақсатты пайдалану, әдіс-тәсілдер кешенінің онтайлылығы. Ұстаздардың оқушылардың затты танып білуге құлшынысын жоюдан (саналы түрде, байқамай) аулақ болу проблемасы. Бұл тұрғыда ұстаздың оқушылардың алдындағы үлкен жауапкершілігі. Тиісті химиялық тақырыптардағы эмоционалдық, оны жеткізу, сыныпта тиісті психологиялық ахуал туғызу, ұстанымдар, ескеруге міндетті жайттар. Логикалық ойлау көріністері, ой-пікірді ауызша және жазбаша жеткізе білу, тұжырымды сөйлеуге, ой қорытуға үйрену, есте сақтау қабілетін дамыту, ассоциативті ойлау мәселелері т.б. Танымдық тапсырмалар түрлері, олардың оқушылардың зейінін жоғарылатудағы рөлі.

9.5. Химия пәніне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты. МЖБС қызметтері.

МЖБС-тарды мектепте енгізу проблемасы. МЖБС-тарды мектепте енгізу проблемасының өзектілігі. МЖБС-тың (химиялық) білім берудің мазмұнын анықтауда орны, оның және жалпы білім беруді стандарттау қажеттілігі: білім беретін әртүрлі (мемлекеттік, жеке меншік) ұйымдарда оқитын барлық балаларға жалпы білім берудің ортақ деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ел аумағында біртұтас білім беру кеңістігін құру; Қазақстанның әлемдік мәдениет жүйесіне енуге деген ұмтылысы т.б. «Стандарт» терминінің пайда болуы, оның білім беруге қатысты қолданыла бастауы, этимологиясы, жалпы және білім беруге қатысты

	мағынасы. Білім беру стандарты және «Білім туралы» Заң (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319). Білім беру стандартының нормативті-құқықтық анықтамасы және әдістемелік әдебиеттердегі түсіндірмесі. Білім беру стандартының жалпы қоғамға, әсіресе педагогикалық қызметкерлер үшін маңызы. Білім беру стандартымен тығыз байланысты ұғымдар: білім беру мазмұны, білім беру деңгейі, білім беретін оқу бағдарламалары, білім беру жүйесі т.б. Мемлекеттік білім беру стандарттарының білім беру мазмұнын қалыптастырудағы практикалық көрінісі: оқу жоспарлары (білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжаттар); оқу бағдарламалары; оқу әдебиеті (оқулықтар, оқу құралдары, тапсырмалар жинағы т.б.). Мектептегі білім беру мазмұнын жобалау деңгейлері: теориялық көзқарастар деңгейі, оқу пәнінің деңгейі, оқу материалының деңгейі. 2.2003-2002 «Жалпы орта білім. Негізгі ережелері» атты ҚР-дың Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен биология оқу пәнінің стандарты. Биология оқу пәні стандарты сақталуға және қолданылуға міндетті жағдайлар.
--	--